ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 20 қазан №1513-23-00-2/1850 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Ж.Биманованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.С.Әбдуәлиева отырып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Сабина» Карахат Имангельдиевна Отыншиева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 12 маусымда «Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен - жеке кәсіпкер «Сабина» Карахат Имангельдиевна Отыншиева (жеткізуші) арасында мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде №146 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған, қазынашылық басқармасында 12.06.2023 жылы тіркелді. Шарт сомасы 261 000 теңгені құрайды.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жауапкер лазерлік, түрлі-түсті принтер жеткізу бойынша міндемелерді қабылдаған.

Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімі – шартты қазынашылық органдарында тіркегеннен кейін 15 күнтізбелік күн.

Жеткізуші тауарды шартпен көрсетілген мерзімде жеткізбеген себептен, шартты тапсырыс беруші бір жақты бұзған.

2023 жылғы 25 шілдеде жауапкер өз кезегінде шартты уақытылы, тиісті дәрежеде орындамауына орай, талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабымен сотқа жүгінген.

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж.Ж., 20.10.2023

№2 талап қою бойынша

АК-нің 272, 277 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Сот отырысында, анықталғандай, шарттың 7.3 тармағында, өнім берушінің тарапынан шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші мерзімі кешіктірілген әр күн үшін өнім беруші міндеттемені орындамаған жағдайда 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіреді делінген.

Істі қарау барысында жауапкер тұрақсыздық айыбын талап қоюдың мөлшерінде төлегені анықталды. Сол себептен, сот, талап қоюдың тұрақсыздық айыбын өндіру туралы бөлігі қанағаттандырусыз қалдыруға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемелекет пайдасына 204 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Сабина» Карахат Имангельдиевна Отыншиеваға мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қою арызы – ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Сабина» Карахат Имангельдиевна Отыншиева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын. Талап қоюдың қалған бөлігі қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Сабина» Карахат Имангельдиевна Отыншиевадан мемлекет пайдасына 1 725 (Бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық

Талап қоюшының өкілі азаматтық істі оның қатысуынсыз қарап, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және тұрақсыздық өсемпұлды өндіруді сұрады.

Жауапкер азаматтық істі оның қатысуынсыз қарау туралы арызбен сотқа жүгініп, сот отырысына әзірлеу жұмыстары барысында тиісті түрде міндеттемелерін орандамағанын, шартты бір жақты бұзылғанын сотқа даулап жатпағанын туралы көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдар әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Нормативтік қаулысының 8-тармағына сай, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет.

АПК-ның 72-бабына сай, әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс.

Сотта анықталғандай, тараптар арасындағы шартқа сәйкес жауапкер 2023 жылғы 27 маусымға дейін тауардың жеткізілуін қамтамасыз етуге міндеттелген.

Сотта анықталғандай, жауапкер өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамағандығы іс материалдармен дәлелденеді, жауапкер бұл жағдайды даулап, қарсылығын білдірген жоқ.

Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады (АК-нің 10-бабы).

Бұл тұрғыда, сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, талап қоюшыдан жергілікті бюджетке 1 725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріледі.

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 20.10.2023
513-23-3-1/2112

сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Ж.Ж.Биманова

Көшірме дұрыс:

Судья Ж.Ж.Биманова

Анықтама

Шешім 2023 жылғы 28 қарашада заңды күшіне енді.

Судья Ж.Ж.Биманова

Прошнуровано, пронумеровано на 9 листах,
на страницах
Судья СМЭ суда Актюбинской области
Биманова Ж.Ж

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж.Ж, 20.10.2023

513-23-3-1/2112